«АСЫЛ МҰРА - ОРДА»
ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ

ОБЩЕСТВЕННЫЙ ФОНД
«АСЫЛ МҰРА - ОРДА»

Қызылорда облысы, Төле би 141 «А»
aizhan_erlankyzy@inbox.ru
Тел: +7 707 417 1989

Кызылординская область, ул. Толе би 141 «А»
aizhan_erlankyzy@inbox.ru
Тел: +7 707 316 4925

Конкурстық комиссия мүшелеріне

№15904335-ГСЗ1 мемлекеттік сатып алынуының қорытындысы туралы хаттамасында:

Жобаны жергілікті бюджет қаражаты есебінен іске асырған жағдайда — үкіметтік емес ұйымның **тиісті өңірдегі** жұмыс тәжірибесінің болуына «Сұңқар» әлеуметтік қамқорлық орталығы" қоғамдық қорына негізсіз 6 ұпай берілгендігін хабарлаймыз. Бұл ретте «Сұңқар» әлеуметтік қамқорлық орталығы" қоғамдық қорының аталған аумақта жұмыс тәжірибесінің облыстық деңгейдегі басқармадан орындаған 1 әлеуметтік жобаны іске асыру жұмыс тәжірибесі бар болуына байланысты, яғни 2 ұпай берілуі қажет.

Тиісті өңірдегі облыс көлемін қамтыған жобалар мен арнайы сол аумақта, яғни тиісті өңір (аудандағы) орындалған әлеуметтік жобаны есепке алу қажеттілігін қаперіңізге ұсынамыз.

Осы ретте, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы №687 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 34-тармағының 2) тармақшасының 6-абзацына сәйкес мемлекеттік әлеуметтік тапсырыста көзделген мемлекеттік қызметтер конкурсына қатысуға өтінімдерді қарау нәтижелері бойынша конкурстық комиссия әлеуетті өнім берушілер ұсынған конкурсқа қатысуға өтінімдерді бағалау үшін жобаны жергілікті бюджет қаражаты есебінен іске асырған жағдайда үкіметтік емес ұйымның тиісті өңірдегі жұмыс тәжірибесі өлшем шарттары негізінде балдарды есептейді. «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 2-бабының 2-тармағына сәйкес өңір – Қазақстан Республикасының мүддесі үшін құрылатын және басқарылатын, бірнеше елді мекен кіретін Қазақстан Республикасы аумағының бір бөлігі.

Республикалық әкімшілік-аумақтық құрылыстың негізгі буындары ретінде облыс, аудан және ауылдық округ өңірлер болып табылады. **Тиісті өңір** деп заңда бөлу мақсаты да осы ретте айқындалады, яғни облыс аумағын қамтыған шаралар немесе тиісті өңір (бұл ретте тек Қазалы ауданы, облыстық деңгейдегі басқармалардан орындалған кезде Қазалы ауданындағы шара да

қамтылады), алайда өзге аудандардағы шаралар өңірге жатқызылғанмен, тиісті өңірге жатпайды.

Бұл ретте жоба Қазалы ауданында жүзеге асыруына байланысты осы аумақта орындаған шаралар жұмыс тәжирбесі ретінде есептелуі қажет. Осыған орай жарияланған конкурстарыңызда көрсетілген шараларға байланысты «Сұңқар» әлеуметтік қамқорлық орталығы» қоғамдық қоры Қазалы ауданынан өтінім ұсынғанын хабарлаймыз.

«Сұңқар» әлеуметтік қамқорлық орталығы» қоғамдық қорының облыс деңгейінде 2022 жылы ғана 1 әлеуметтік жобаны іске асыру тәжірибесі бар, сондай-ақ Қазалы ауданының (тиісті ауданда, яғни аудандық бюджеттен бөлінген қаражатпен) өңірінде жобаларды жүзеге асыру бағытындағы жұмыс тәжірибесі жоқ болуына байланысты, яғни **Әлеуетті өнім берушінің көрсетілген аумақта екі жылға дейін қоса алғанда әлеуметтік жобаларды іске асыру тәжірибесі бар** болуына байланысты 2 ұпай берілуі қажеттігін, "Қызық орда" шығармашылық тобы" қоғамдық қоры 2016 жылы ғана облыс деңгейіндегі жобаны орындауына байланысты 2 ұпай берілуі қажет екенділігін қаперіңізге саламыз. Конкурсқа өтінім берген ұйымдар құжаттарын қайта қарап, қорытынды нәтижесіне өзгеріс енгізуіңізді сұраймыз.

Назарыңызға рахмет.

Қор директоры **П. Әбдіғапбар**